

1-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСТАЛУЫ

1. 3 тақырып. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық құрылыс.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Бұл тақырыптың басты мақсаты қазақстан аумағындағы алғашқы адамдардың пайда болуы мен олардың зерттелу тарихын және даму тарихын оқып білу. Қазақстан аумағындағы алғашқы адамдардың іздері мен қоғамдық даму кезеңдерін, алғашқы қауым құрылымдарын, алғашқы шаруашылық салаларын оқып білу.

3. Лекция мазмұны. Қоғамның құрылуының алғашқы нысаны көбіне “алғашқы қауым” деп аталды. Бұл сөз үйлесімі ертедегі және өте ертедегі адамдардың ұйымдарының ерекшеліктерін; олардың жануарлардан нағыз адамға өтпелі кезеңіндегі күйлерінің дәл мағынасын білдіреді. Алайда, “алғашқы қауым” термині әрі қысқа, әрі ыңғайлы. Алғашқы қауым қоғамы адамзат тарихындағы ең ұзақ, 2 млн жылға созылған кезең болды. Алғашқы қоғамдағы туыстық қауым 10-12 мың жыл бұрын басталып, ойкуменаның негізгі бөлігі үшін 5-8 мың жыл бұрын аяқталса, алғашқы қауымның соңғы кезеңдері кейбір қоғамдарда әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Алғашқы қауымның ерте кезеңінде тіршілік үшін қажетті негізгі өнімдер өндіретін шаруашылық болды.

Бұл типологиялық қатар – алғашқы қауым (алғашқы адам үйірй отары), ертедегі және кейінгі (ертедегі туыстық және кейінгі туыстық), қауым бұдан кейін алғашқы қауымдық көршілес (протошаруа) қауым – алғашқы қауымдық тарихтың негізгі кезеңдеріне сәйкес келеді. Ғалымдардың көпшілігінің пікірінше, алғашқы қауым кезеңін, яғни

антропосоциогенезді адамзаттың әлеуметтік және биологиялық даму барысында адамзат қоғамы қалыптасуының бастамасы болып саналатын бүкіл әлемдік тарихи процестің ерекше кезеңі деп қарастыруға болады. Алғашқы қауымдық туыстық қауым кезеңінде әлеуметтік құрылымның алғашқы реттелген түрлері – туыстар мен туыстық қауымдар пайда болды. Дәл осы кезеңде алғашқы қауымдық туыстық қауымдық құрылымның негізгі белгілері - өндірістегі ұжымшылдық, жалпы меншік пен тұрмыстағы теңдей бөлу, т.б. пайда болды. Бұл белгілер әсіресе ертедегі алғашқы қауымдарда анық байқалып, кейінгі алғашқы қауымдарда да сақталып қалды. Бұл кезеңнің ең төменгі шегі – ортаңғы палеолит (палеонтроптар кезеңі) және неолит.

Алғашқы қауымдық кезең - қалыптасу кезеңі, ал алғашқы қауымдастық туыстық қауым – кемелдену кезеңі болса, таптардың түзілу кезеңі – алғашқы қауымдық құрылымның ыдырау кезеңі болды. Бұл соңғы кезең шаруашылық іс-әрекеттің барлық салаларының қарқындап дамуымен және өнім қорларының өсуімен сипатталады.

Алғашқы қауымдық құрылыс адамзат тарихының ең ұзақ кезеңі. Адамдар табиғаттан бөлініп қоғам болып өмір сүргенге дейін, миллиондаған жылдарды

бастан өткеріп, тас дәуірі, мыс дәуірі, қола дәуірі сияқты ондаған мың жылдарға созылған кезеңдерді өткізді. Тарихты былай дәуірлеу өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалануға және жетілдіруге байланысты болған.

Адамдар бірден қоғам болып өмір сүрген жоқ. Олар алғашқы кезде, тас дәуірінде тобыр ретінде өмір сүрді. Тобыр тәртіппен реттелмейтін адамдардың тобы. Табиғаттың дүлей күшіне оған қарсы бірігіп күресу қажеттігі адамдарды біріктірді. Мұндай тобырда күштінің дегені болды немесе биологиялық көрсеткіштер үстемдік етті. Тобыр жағдайындағы некенің түрі топтық неке болды.

Біртіндеп рулық қоғам қалыптасты. Рулық қоғамның басты ерекшелігі ол туыстас адамдардың қауымдастығы болып, ру ішінде некеге тұруға тыйым салынды. Мұндай некені экзогамиялық неке дейді. Осылай рулық қоғамда биологиялық емес әлеуметтік көрсеткіштер немесе алғашқы қоғамдық дәстүрлік тәртіп үстемдік құра бастады.

Адамдар арасында тұрақты неке мен отбасы қалыптасты. Неке мен отбасы да ұзақ эволюциядан өтті. Олардың түрлері туралы арнайы әдебиеттерде айтылғандықтан біз оған тоқталмаймыз.

Жақын рулардың бірлестігінен тайпалар құрылды. Ұзақ ғасырлар табиғаттың дайын өнімдерін жинаумен және аңшылықпен айналысқан адамдар біртіндеп жер және мал шаруашылығына көшіп, өздері өнім өндірушілерге айналды. Мұның өзі басы артық өнімнің пайда болуына әкелді.

Алғашқы қауымдық құрылыста адамдардың арасында шын мәніндегі теңдік болды. Ру мүшелері бір-бірімен тең болды. Тайпаларға біріккен рулардың да мүмкіндіктері бірдей болды. Рулық қоғамның негізгі жоғарғы органы ру мүшелерінің сайлап қойған жиналысы болып есептелді. Жиналысты ру мүшелері сайлап қойған жасы үлкен беделді ру ақсақалы басқарды. Ру ақсақалының басқа ру мүшелеріне үстемдігі болмады. Барлық мәселелер өзара келісіммен, ымырамен шешілетін. Рулық қоғамға сай отбасын ғылымда патриархалдық отбасы дейді. Мұндай отбасында ер адамның — әкенің билігі жүрді. Ер адам отбасын асыраушы әрі әулетті жалғастырушы болып есептелді.

Алғашқы қауымдық құрылыста мемлекет те, құқық та болмады. Себебі рулық қоғамдық қатынастар мемлекет және құқық сияқты қондырмаларды қажет етпеді. Өзін-өзі басқаратын рулық қоғамда құқықтың ролін моральдық, адамгершілік нормалар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер атқарды. Әркім өз міндетін ар-ұяты және руластардың алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, орындап отырды. Әдет-ғұрып пен дәстүрлер үстемдік құрған алғашқы қауымдық құрылыс нағыз қарапайым демократияның үлгісі болды.

Металдың қолданылуына байланысты алғашқы қауымдық құрылыс жаңа кезеңге өтті. Қазақстандағы қола дәуірінің ескерткіші Андронов мәдениеті деген атпен тарихқа енген (Ачинск қаласының маңындағы Андронов поселкесінің атына байланысты). Қоладан кетпен, орақ, қару-жарақ, т.б. заттар жасалды. Андронов мәдениеті Қазақстанның үлкен бөлігін және Сібірді алып жатты.

Мұнда қол өнері де дамыды. Отырықшы болған андроновтықтар үй маңында бағылатын малмен айналысты. Андронов мәдениеті шамамен б.э.д ХҮШ-ХІІ ғасырларды алып жатты. Андронов мәдениетінің соңына қарай малшы тайпалар бөлініп, көшпелі мал шаруашылығы қалыптасты. Көшпелі мал шаруашылығы малға жеке меншіктің қалыптасуына алып келді және тарихта ерекше роль атқарған көшпенділер өркениетінің негізін қалады. Ұзақ ғасырлар бойы көшпелі тайпаларда рулық қоғамның принциптері сақталып қалды. Байлықтың негізгі көзі мал мен жер рулық қоғамның жалпы меншігі болып есептелді. Мұның өзі көшпенділерде мемлекет пен құқықтың пайда болуына ерекше әсер етті. Көшпенділерде мемлекеттің пайда болуы отырықшы болған. Европа мен Азияның басқа өлкелеріне қарағанда мүлде бөлек жүрді. Мемлекеттің пайда болуының классикалық үлгісі болып саналатын Ежелгі Египет (Мысыр), Вавилон, Греция, Рим, Үндістан мен Қытайда алғашқы қауымдық құрылыстың демократиялық принциптері құлдық қоғамның нағыз деспотиялық принциптерімен ауыстырылса, көшпенділерде құлдық жүйе мүлде болмады. Көшпелі өмір құлдық қоғамды қажетсінбеді, себебі оның өндірісті ұйымдастыру принциптері көшпелі қоғамға сәйкес келмеді. Бұдан көшпелілер мемлекет құруға бейімсіз болды деген қорытынды тумайды.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау дәуірін әскери демократия кезеңі деп атайды. Бұл ұзақ уақытқа созылған алғашқы қауымдық құрылыс пен мемлекеттің пайда болуы арасындағы көпір іспеттес кезең. Әскери демократия туралы Ф.Энгельс өзінің "Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы" деген еңбегінде кеңінен жазған.

Әскери демократияға мынандай ерекшеліктер тән. Рулар мен тайпалар арасында соғыстар мен қақтығыстар үнемі болып тұрады. Осындай жағдайда қоғам өмірі әскери-соғыстық сипат алады. Рулық қоғамдағы жасы үлкен беделді ақсақалдардың орнына күш-қуаты мол жас әскери көсемдердің рөлі артады. Әскери көсемдер әлі де рулардың жалпы жиналысына тәуелді болды. Жалпы жиналыс әскери көсемдерді сайлап қойды, қаласа алып тастады. Әскери көсемдердің жеке билік құруға бейім екендігін сезген рулық демократия оларды тежей отырып, соғыс жағдайында оларға төзуге мәжбүр болды. Дегенмен жеке меншіктің шығуы, байлықтың шоғырлануы, үнемі жалғасқан соғыстар жағдайында әскери демократия енді рулық қоғамның шеңберіне сыймады. Әскери көсемдер біртіндеп рулық демократияны талқандап жеке билігін орната бастады. Әдет-ғұрып пен дәстүрдің орнына құқық пайда болып, рулық қоғамды мемлекет ауыстырды.

Қазақстан мен Орта Азия территориясын б.э.д. VIII-III ғасырларда мекендеген сақ тайпалары әскери демократияның гүлдену және мемлекеттің қалыптасу кезеңінде өмір сүрді. Осы VIII-VII ғасырларда Қазақстан даласын мекендеген тайпалардың өмірінде ірі бетбұрыс, өзгеріс туғызған темірді пайдалану және толық көшпенділік өмірге өту сияқты елеулі оқиғалар болды. Темірді пайдалану өндірісте үлкен төңкеріс жасады. Темірден түрлі қару-

жарақтар мен өндіріс құралдары жасалды. Мал саны барынша молайып бір жерге симаған соң көшпелі өмірге өтуге тура келді. Саны мол малды сыртқы жаудан қорғаудың қажеттілігі туды. Мал бай адамдардың қолына шоғырланды. Екінші жағынан малы аз, бай мал иелеріне тәуелді ру мүшелері пайда болды. Кедейленген қоғам мүшелерінің бір бөлігі көшіп жүрсе, екінші бөлігі жер шаруашылығымен айналысты.

Көшпелі өмір мал бағу мен оны қорғау үшін жылқыны мініс құралы ретінде пайдалануға кеңінен жол ашты. Мұның өзі садақ пен найзамен қаруланған топтардан тұратын атты әскердің пайда болуына әкелді. Көшпелі малшы тайпалардың өмірі алғашқы кезден-ақ жаппай қаруланған қоғамға ұқсайтын.

"Алтын адам" дәуіріндегі және онан кейінгі сақ тайпаларында мемлекеттің белгілері болғанын көреміз. Ең алдымен рулардың үлкен тайпаларға, тайпалар үлкен тайпалық одақтарға бірікті. Осы тайпалық одақтар алғашқы мемлекеттік құрылымдар болды. Себебі оларды көсемдер немесе сақтардың патшалары басқарды. Сақ патшалары әскер басы болып саналып, соғыс және бітім мәселесін, көшіп-қону, көрші елдермен қарым-қатынастарды реттеді. Сақ тайпаларындағы патшалық билік тек бір рудың қолында болды деп есептеуге болады. Кейде патшалардың рөлінде әйелдердің де болғанын көреміз. Есік қорғанынан табылған "Алтын адам" аталып кеткен сақтардың патшазадасы оларда мемлекеттік институттың көп белгілерінің болғанын көрсетеді. Сондай-ақ парсылардың әйгілі Кир патшасын талқандаған массагеттердің көсемі Томирисінің де патшалығының мемлекеттік құрылымы белгілерінің болғанын байқауға болады.

Іргелес елдер мен парсылардың шабуылы, кейінірек А.Македонскийдің әскерінің шапқыншылығы, тағы басқа көршілердің басып кірулері де сақ тайпаларында мемлекеттің күшеюіне, әсіресе сыртқы жаудан ұйымдасып қорғануға басты себеп болғанын көреміз.

Сақтар қоғамында көсемдерге әлі де болса халық жиналысымен есептесуге тура келген.

Б.э.д. IV-III ғасырларда сақтарда мемлекеттіліктің ең басты белгілерінің бірі — жазу пайда болған. Жазудың пайда болуы адамзат өркениетінің ең зор жетістіктерінің де бірі еді. Ал жазу мемлекеттік қарым-қатынастың даму қажеттілігінен туатыны белгілі.

4. Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

5. Лекцияның оқыту тәртібі, әдістері мен түрлері: : проблемалық лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:
1-деңгейдің сұрақтары:

1. Ерте палеолите адамдардың ұйымы қандай түрде болды?
2. Орта палеолит кезеңін жаналықтары?

3. Рулық қауымның қалыптаса бастаған уақыты?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. Садақ пен жебенің пайда болуы сол кездегі адамдар үшін қандай өзгерістер әкелді?

2. «Неолит төңкерісі» деп ғылымда нені атайды?

3. Энеолит дәірінің ерекшелігін атап көрсетіңіз?

3-деңгейдің сұрақтары:

1. Қазақстан аумағындағы мезолит ескерткіштері.

2. Қазақстанның микролиттік мәдениеті.

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері: Қазақстан-Ресей бірлескен археологиялық экспедицияның Қазақстанда ашқан палеолит ескерткіштері. Палеолит тұрақтары. Неолит тұрақтары. Энеолит тұрақтары.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 1 том. Алматы, 1996.

2. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ., 1969, №2, С. 85-87.

3. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие для студентов исторических факультетов вузов. – Алматы, 1993., 362 с.

4. Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из верхнего Прииртышья. – Алматы, 2000, – 167 с.

5. Сыздыкова А.М. Ертістің Павлодар өңіріндегі археологиялық ескерткіштер. – Павлодар, – 27 б.

6.Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.

7. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ

2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.

3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>

2. https://vk.com/history_qaz